

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Жастық психология. М.:Академиялық жоба. 2001. -123б.
2. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. М., 1989. 87б.
3. Бочарова Н.И. Отбасы мен баланың бос уақыт құрылымы. М.: ИЦ «Академия».2000. 231б.
4. Гарунов Э.Г. Мектеп балаларының тәрбиесі. Махачкала 1998. 242б.

Сейдуалиева М.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ПжП-23, студент
(*Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., профессор Айтжанова Р.М.*)

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2050 бағдарламасына сәйкес халқымыздың жарқын болашағы үшін жан-жақты қалыптасқан, сапалы мамандар дайындалуы қажет. Қазіргі таңда жастардың кәсіби бағдарлануы басты мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби бағдар жұмыстарын ең бірінші мектеп қабырғасында беру міндет болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте кәсіби бағдар жұмыстары ауадай қажет. Көбіне мектепте оқитын оқушылар қандай мамандық таңдарын білмейді. Оның өзіндік көптеген себептері бар. Мәселен, өзінің қабілетін білмеуі, болашағын толғандырмауы, ата-анасының шешімімен оқушының қабілетімен сәкесімсіздігі, қаржы мәселесі және т.с.с. [1, 3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 3 бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдалған негізгі принциптерінде «Оқушыларды кәсіптік бағдарлау» принципі қамтылған. Қазіргі заманымызда оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру әрбір ұстаздардың алдына қойылған басты мақсат деп ойлаймын. Ал қазіргі таңда заманның талабы бойынша білім мен тәрбиеге қосып кәсіптік бағдарлау жұмыстарын қатар қолға алып отыр. Оқушылар мектеп бітірісімен өзінің қалаған мамандығына байланысты оқуға түсуге міндетті және оқу орының бітірісімен қалаған мамандық иесі болуы керек. Бірақ оны іске асыру үшін және кәсіптік мамандық игермес бұрын кәсіптік бағдарлау жұмыстарына үлкен көңіл бөлу қажет. Кәсіби бағдарлану кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеулерді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындалуды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді [2, 12].

Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғары білікті маман даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда, студенттерге жоғары білімнің сапасын арттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып, білім беру үлкен маңызға ие.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында өкіметтің ұтымды жұмысы өзара байланысты үш факторға: оның құрылымдық, стратегиялық және кадрларды кәсіби іскерлігін даярлау деңгейіне сүйенетіндігін көрсеткен болатын [3, 17].

Қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылықты ойлауға дүниетанымдық мәдениеті жетілдірілген, адамгершілі мол және білікті мамандарын жаңа ұрпақтарын қалыптастыруға бағыттау керек. Сонымен қатар, өндірістің әр саласында ішкі және сыртқы нарықтық қатынастарды тез игеріп, икемделетін мамандарды әр түрлі сипаттағы кәсіптік, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени қызметкер етіп даярлау - бүгінгі таңда басты міндеттің бірі.

Себебі, мектепті он екі жылдыққа көшіру мәселесі Қазақстан жағдайында қолға алынып отыр. Осыған орай, мектеп қабырғасынан жүргізілетін кәсіптік бағдар жұмыстарына мықтап көңіл бөлуді қажет етеді. Әрбір оқушы мектеп қабырғасын бітірісімен сұранысты айқындайтын маман болып жатса еліміздің ертеңі алаңсыз болар еді деп ойлаймыз.

Оқушылардың кәсіби бағдарлау жағдайын көрсетуді жүзеге асырудың алдында біз Қарағанды қаласының ММ жалпы білім беретін №57 Сләмия Саттаров атындағы мектептің педагогикалық ұжымына сауалнама жүргіздік. Бұл сауалнама А.Е. Голомшток әдісі бойынша жүргізілді [4, 160].

Мұғалімдермен сауалнама жүргізудегі мақсат: мамандықты таңдау қаншалықты саналы түрде болатындығына көз жеткізу. Мұғалімдерге қойылатын сауалнама сұрақтары төмендегідей болды:

- Мектепте кәсіби бағдарлау жұмысы жүргізіле ме?
- Кәсіптік бағдарға байланысты қандай жұмыстар жүргізесіздер?
- Мектеп психологімен кәсіби бағдар бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері қандай?
- Кәсіби бағдар бойынша ата-аналармен қандай жұмыс түрлері жүргізіледі? т.с.с. Аталған

сауалнаманың нәтижесін өңдеуде көргеніміз, қатысушылардың мамандық таңдау мәселесіне деген қарым-қатынастары селқос, ынталары төмендігін көрсетті. Кәсіби бағдарлау жұмыстары айына бір рет, әңгіме және тест түрінде өткізіледі. Аталған іс-шараны сынып жетекшісі, психолог өткізеді. Қатысушылар кәсіби бағдарлау жұмыстарына қызығушылық танытпайды.

Біз бұл жерде мектеп мұғалімдеріне ғана емес 11 сынып оқушыларымен де жүргіздік. 11 сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнамада олардың өз міндеттерін мүлде білмейтіндігін, адамдардың психологиялық қасиеттері бойынша оған қойылатын талаптар жөніндегі болашақ мамандығы туралы нақты түсініктерінің жоқтығын көрсетті.

Біздің педагогикалық зерттеуіміз бірнеше кезеңнен тұрады:

- зерттеу тақырыбы бойынша материалдарды жинау мен талдау;
- жұмыс болжамын анықтау;
- педагогикалық тәжірибе.

Қорытынды кезеңде біз оқушыларды кәсіпке дайындау мақсатында «Жұмыстық кәсіп негіздерін кәсіби бағдар беру жұмыстары арқылы қалыптастыруға арналған электрондық жинақты енгізу тиімділігін анықтау жұмыстарын жүргіздік.

Тәжірибе үш кезеңнен тұрды:

- бастапқы білімін бақылау;
- арнайы курсты тәжірибелік топқа енгізу;
- бақылау және тәжірибелік топтардың білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейлерін салыстыру.

Тәжірибеге қатысқан жалпы оқушылар саны 36 адам. Тәжірибенің дәлелділігін арттыру үшін тәжірибелік топтардың іріктеу көрнекілігі мен олардың біршама педагогикалық ұқсастықтары қамтамасыз етілді.

Оқушылардың кәсіби бағдар бойынша білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруда біз үш деңгейде бақылаймыз: I – жоғары, II – орта, III – төмен, олар 1 - кестеде көрсетілген.

1 кесте

Оқушылардың білімін бағалау критеріі

Критерии	Деңгей	Көрсеткіштер
Кәсіби бағдарлаудың негізгі ұғымдары бойынша білімдері; оның мазмұны, жалпы және арнайы жұмыс әдістері; мамандықтар жүйесі, профессиограмма түсінігі, жеке тұлғаны зерттеу әдістері, кәсіби бағдарлау жұмыстарының басты бағыттары	жоғары	аталған критерилер бойынша білімді меңгерген, кәсіби бағдарлауға дайындық компоненттерінің жоғары деңгейлік көрсеткішіне сәйкес
	орта	аталған критерилер бойынша білімі жеткіліксіз, кәсіби бағдарлауға дайындық компоненттерінің орта деңгейлік көрсеткішіне сәйкес
	төмен	аталған критерилер бойынша білімі жоқ, кәсіби бағдарлауға дайындық компоненттерінің төмен деңгейлік көрсеткішіне сәйкес

Кәсіби бағдар бойынша теориялық білімдерінің деңгейін объективті анықтау үшін, алдымен оқушылардың теориялық дайындығының жалпы деңгейін анықтап алу қажет, онсыз сапалы кәсіби бағдарлау жұмыстарын өткізуде іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру мүмкін емес.

Осы мақсатта біз бірнеше әдістемелерді қолдандық, оларда ашық және жабық сұрақтар қарастырылды. Сауалнама әдісі төмендегі сұрақтар блоктарынан тұрады: слайд жазу

- кәсіби қызметпен байланысты басты түсінік жөнінен білімі;
- кәсіби бағдарлау жұмысын өткізу әдістері мен түрлері туралы оқушылардың ақпараттандырылуы;

- арнайы пәндерден білімі және кәсіби бағдарлау жұмыстарын өткізудегі іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына әсері.

Өкінішке орай, сауалнама сараптамасы кәсіби бағдар туралы көптеген оқушылардың іргелі білімдерінің жеткіліксіздігін көрсетті.

Келесі кезеңде тестілеу жүргізілді. Оқушыларға негізінен кәсіби бағдарлау жұмыстарына теориялық дайындық дәрежесін көрсететін тест сұрақтарына жауап беру ұсынылды.

Тұрақтандырушы тәжірибенің сараптамасы бақылау тобының 16,7 %, тәжірибелік тобының 22,2 % ғана кәсіби бағдарлаудан білімдері жоғары деңгейде екендігін көрсетті, бұл мамандар дайындау талаптарына жауап бере алмайды. Теориялық дайындық деңгейлерін анықтау мақсатында бақылау және тәжірибелік топтары арасындағы оқушылармен жүргізілген тұрақтандырушы срездің жалпылау нәтижесі 2 - кестеде көрсетілген.

2 кесте

Оқушылардың кәсіптік білімін қалыптастыру деңгейі (тұрақтандырушы тәжірибесі)

Білімді меңгеру деңгейлері	Оқушылардың жауаптары	
	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Төмен	44,4	50
Орта	38,9	27,8
Жоғары	16,7	22,2

Бақылау және тәжірибелік топтарда тұрақтандырушы тәжірибенің әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларын орындау қорытындысы бойынша мәліметтерді жалпылау 3 кестеде келтірілген. Тұрақтандырушы тәжірибе мәліметтері топтарды іріктеу іріктеу талаптарына жауап беретіндігін көрсетті.

3 кесте

Іскерлік пен дағдыларының қалыптастыру деңгейі

Іскерлік пен дағды деңгейі	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Төмен	38,9	44,5
Орта	55,5	50
Жоғары	5,5	5,5

Демек, кәсіби бағдарлау жұмысын жүзеге асыруға мұғалімдерді даярлаудағы қалыптасқан бейне жалпы білім беретін мектептерде тиімді жұмыс жасау үшін жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр. Мұғалімдердің бастапқы деңгейін анықтауға көшсек, іс-тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың тиімділігін орнату үшін, сонымен қатар қалыптастыру динамикасын анықтау үшін біз педагогикалық срез әдісін қолданғандығымызды атап өткіміз келеді.

2019 жылдың желтоқсан айынан тәжірибелік топ қайта құруға ұшырады, оның өзгеруі өткізілген срездер қорытындысын салыстыру арқылы анықталды. Кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізудегі болашақ мамандардың бастапқы даярлық деңгейін анықтау қалыптастыру қызметі арқылы болатын өзгеріс сипатын бақылауға мүмкіндік береді.

Жалпы бастапқы даярлық деңгейін «қанағаттанғысыз» деп сипаттауға болады, ол кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша педагогикалық қызметтің жеткіліксіз дайындалған және зерттелетін даярлықтың қалыптасуының мамандандырылған, мақсатқа бағытталған жұмысын қажет ететіндігін айғақтайды.

Педагогтардың кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізуге бастапқы дайындығын анықтау бойынша жүргізілген «срез» қорытындысы 4 - кестеде ұсынылған.

4 кесте тұрақтандырушы тәжірибе білім іскерлік дағды

Білімдерін, іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру деңгейі (тұрақтандырушы тәжірибе)

БІД деңгейі	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Төмен	41,7	47,3
Орта	47,2	38,9
Жоғары	11,1	13,8

Біз жоғарыда анықтаған критерилер мен көрсеткіштер арқылы кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізуде мұғалімдер дайындығының бастапқы жағдайын айта отырып, қандай мәселелерге аса назар аудару керектігін көруге болады.

Даярлықтың критерилері мен көрсеткіштерін қалыптастырудың бастапқы жағдайына салыстырмалы талдау жасау тәжірибелік және бақылау топтарының арасында болмашы айырмашылық барын көрсетті 5-кесте.

5 кесте

Білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру деңгейі

БІД деңгейі	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Төмен	36,1	27,8
Орта	44,4	44,5
Жоғары	19,5	27,7

Атап айтқанда, тәжірибелік топтағы «төменгі» деңгейдегі мұғалімдер саны 47,3 % -дан 27,8 % -ға азайды, «орта» деңгей 38,9 % -дан 44,5 %-ға көбейді, дайындығы жеткілікті деңгейдегі мұғалімдер саны 13,8 % -дан 27,7 %-ға артты.

Педагогтарды даярлаудың қорытынды деңгейі 10 кесте ұсынылған. Санау барысында 13,9 % мұғалім анықталды, олар кәсіби даярлықтың жалпы жағдайының айтарлықтай өскендігін көрсетті, бұл жеткілікті жоғары деңгейде айқындауға мүмкіндік берді.

Алған білімдерін жүзеге асырудың алдағы ортасы, сонымен қатар кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыруды жоспарлаудың тәжірибелік іскерлігімен жабдықталу педагогикалық тәжірибе болып табылады. Тәжірибе кезінде болашақ педагогтар кәсіби бағдарлау іс шараларын ұйымдастыру барысында теориялық білімдерін қолдану мүмкіндігіне ие. Мұғалімдер оқытудың әртүрлі белсендіру әдістерін қолданды, ол алған білімдерін оқыту мен үйрету барысында бекітуге мүмкіндік берді.

Тәжірибеге түспеген топта да бірдей өзгеріс болды, бірақ салыстырмалы талдау тәжірибелік топтағы мұғалімдердің кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыруға даярлауда алға кеткендігін көрсетті.

Біздің тарапымыздан оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары арқылы жұмыстық кәсіп негіздерін қалыптастыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында жұмыстық кәсіптердің электрондық жинағын жасау ұсынылды.

Жинақ дербес компьютерде, Microsoft Office Power Point, Windows Movie Maker компьютерлік бағдарламаларының көмегімен жасалынады.

Бұл жинақта төмендегідей мамандықтар жайында мәліметтер беріледі:

Құрылысшы-техник. Көтергіш көлік, құрылыс, жол машиналары мен құралдарын техникалық пайдалану (техник-механик). Есептегіш техника және бағдарламамен қамтамасыз ету (техник-программист). Құрылыс бұйымдары өндірісі және конструкциясы (техник-технолог). Сәулет (жобалаушы-техник). Құрылыстағы құрғақ әдіс маманы. Тас қалаушы. Шаштараз. Аспазшы. Сылақшы.

Электрондық құралдың артықшылықтары:

- электрондық құралда жұмыстық кәсіптер бір топқа біріктірілген;
- жұмыстық кәсіптер жайында толық мәліметті интернеттен, әдебиеттерден іздемей-ақ, осы құралдан табуға болады;

- құрал оқушыларды қызықтыратындай етіп жасалынған;

- құралды компьютерге орнату үшін арнайы бағдарламалардың қажеттілігі жоқ;

құрал электронды болғандықтан, компьютермен жабдықталған кез-келген орында, электронды тасымалдаушының көмегімен таныса беруге болады

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік нәтижелер негізінде ұсыныс ретінде төмендегілерді тұжырымдаймыз:

- кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша мұғалімдердің қажетті білімді, іскерлік пен тәжірибелік дағдыларды меңгеруі үшін жұмыстық кәсіп негіздерін кәсіби бағдар беру жұмыстары арқылы қалыптастыруға арналған электрондық жинақты қолдану қажет;

- теориялық білімдері мен іскерліктерін бекіту педагогикалық тәжірибе кезеңінде болуы керек;

- білім беру ұйымдарында кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүзеге асыру кезінде қолда бар форма, әдістер, құралдарды ғана қолданып қоймай, мақсатқа сәйкес жаңаны да қосу қажет.

Жоғарыда қарастырған жұмыстарды қорытындылай келе, қоғам игілігі үшін өскелең ұрпақты жасампаз еңбекке даярлау мемлекеттің барлық білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Оны жетістікпен жүзеге асыру еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдардың ерекше жетілген жолдарын үнемі іздестірумен байланысты. Озық педагогикалық іс-тәжірибенің, ғылыми зерттеулердің нәтижесі жастардың еңбек мәселесін өзіндік шешуіне кешендік тақалуы ғана кәсіби бағдарлау қызметінде жетістікке жетуіне себеп болатынын көрсетті.

Ұрпақ-еліміздің, ұлтымыздың болашағы. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Сондықтанда оқушыларға кәсіптік бағдар беру ісін сәтті ұйымдастыра білу-үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Осындай мақсатты істі жүзеге асыруда бар жауапкершілікті сезініп, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып, дамыту және оған жан-жақты терең білім беру ісінде мектеп ұжымы аянбай еңбек ете бермекші. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеуіміз біздің борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы (12 сәуір, 2017 ж.). – Астана: «Ақорда», 2017. – Б. 3.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы (2017 жылдың 28 желтоқсанындағы өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана: «Ақорда», 2017. – Б.12.
3. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012). – Астана: «Ақорда», 2012. – Б. 17.
4. Голомшток А.Е. Выбор профессии и воспитание личности школьника: Воспитательная концепция профессиональной ориентации. - М: Педагогика, 2014. – 160 с.

Талипова А.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогика факультеті, МДФ -61 тобы, магистрант.
(Ғылыми жетекші - б.ғ.к., доцент Алишынбекова Г.К.)

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН МНЕМОТЕХНИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Психикалық дамуы тежелген балалардың қалыпты дамыған және ақыл-ойы кем балалармен салыстырғандағы есте сақтауының спецификалық ерекшелігі анықталған болатын. Бұл балалардың өздеріне тән ерекшелігі, олардың қандай да бір мәліметті жаттап дәл сол күйінде айтып беру қабілетінің төмендігінде. Әрине, бұндай жағдай ПДТ балалардың білім алу процесінде оң нәтиже бермейді. Психикалық дамудың тежелуіне тән тағы бір белгі – ес дамуындағы ауытқулар. Бұл балаларда есте сақтау өнімділігінің төмендігі, оның тұрақсыздығы, ырықтымен салыстырғанда ырықсыз естің басым болуы, есте сақтау тәсілдерін қолдана алмауы, есте сақтау көлемінің және дәлдігінің жетіспеушілігі, материалды тез ұмытуы байқалады. Мақалада осы категориядағы балалардың есте сақтауын мнемотехника элементтері арқылы дамыту қарастырылған.

Психикалық даму тежелуі мәселесі дүниежүзілік психолог, педагог мамандарының бірден-бір маңызды, актуалды мәселелерінің бірі болып табылады. Олар кемақылдар қатарына жатпайтын, бірақ білім қорының көлеміне қарай оларды қорытуға жеткілікті икемділіктері болса да алғашқы сыныптарда мектеп бағдарламасын игере алмайды.

Мектеп жасындағы бұл оқушылардың бәріне тән кемістік-үлгермеушілік. Оның негізгі себебі: бастауыш сыныптарда анық көрінетін психикалық әрекеттердің кейбір түрлерінің тежелуі немесе уақытша қалыптаспауы. Бұл тежелу көбінесе бес жастан бастап, он – он екі жас аралығында кездеседі. Олардың кемақылдылықтың жеңіл түрлері кездесетін балалардан ажырату үшін, Сухарева Г.Е «психикалық дамуы тежелген балалар» (ПДТБ), немесе біздің елдегі дефектология саласында қалыптасқан «психикалық дамуы тежелген» (ПДТ) деген терминді енгізді.

Бұл термин осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Бұл балалардың интеллектуалды дамуының зақымдану дәрежесі – олигофрения мен ақыл-ойы қалыпты дамыған балалардың